

## 11-апта

### № 21-22 Дәріс тақырыбы Морфемалар жүйесі

1. Морфема туралы түсінік және оның түрлері
2. Қосымшалар, жіктелуі.
3. Қосымшалардың мағыналық және құрылымдық ерекшеліктері

1. *Тіл, тілші, тілдес, тілdesti, тілдеді* т.т., *ек, егін, егінші, егіншілік, егіншіліктің* т.т. мысалдарда әрбір сөз бірнеше бөлшектерден тұрады. Және негіз болып тұрған ортақ сөздер бар. Мысалы: *тілші, тілдес* сөздерінің негізі бір - *тіл*. *Тілdesti* сөзінде тіл - жалпы грамматикалық мағына (жалпы заттық ұғым), -дес - зат есімнен етістік тудырушы жұрнақ, -ті - шақтық мағына (3 жақ). Сонда, басқа сөздерге негіз болатын бөлшек те (тіл), оған әр түрлі мағыналар үстейтін бөлшек те (-дес, -ті) тіл білімінде морфема деп аталады. Морфема - сөйлеу процесінде сөздің жалпы грамматикалық, не категориялық, не қатыстық грамматикалық мағыналарын (қосымша) білдіре алатын ең кіші бөлшегі (С.Исаев). Оқулықтарда, айталық 1967 жылғы Грамматикада А.Ысқақов морфемаға мынадай анықтама береді: "...сөздің я лексикалық, я грамматикалық мағынасын білдіретін жеке бөлшегі морфема деп аталады". Салыстырып көріңіз.

Дегенмен морфеманы түсіндіру барлық зерттеушілерде бірыңғай түскен жоқ. Айталық Қалыбаева мен Оралбаева (1986) еңбектерінде морфеманы морфтар жүйесі деп таныған. Оған авторлар И.Бодуэн де Куртэне ("Общее языкознание" 1972), В. Скаличка ("О грамматике венгерского языка" кітапта "Общее языкознание" 1972), Л.Блумфилдтің морфемаға қатысты теориялық пікірлерін келтіре отырып, Блумфилдтің ("Язык" 1960) морфеманың грамматикалық қызметтерін тиянақтап атау үшін ұсынған морф теориясын басшылыққа алған сияқты. Ч.Хоккет "Жалпы тіл білімі" еңбегінде осы Блумфилд пен В.Скаличканың пікірлерін құптап, морфосема деген терминді қосып, оны морфеманың нақты бір функциялық көрінісі деп анықтаған. Қалыбаева мен Оралбаева да осы пікірлерді құптаған себебі еңбектерінде морфеманың функциялық көріністері бар деп оларды морф деп атаған. Мысалы, авторлардың талдауында барыс септігінің өзбек тілінде -ға деген бір ғана жалғауы барын, қазақ тілінде 8 түрлі қосымшасы (ға, ге, қа, ке, а, е, на, не,) бары айтылады ( ). "Осы сегізді барыс септігінің морфемасы десек, олардың әрқайсысы сол морфеманың морфтары болып есептеледі. ...үйге, айға, мектепке, тамаққа дегендерді бір морфема, бірақ 4 морф деп тансақ, - на, не, а, е дегендер өз алдына 4 морфтан тұратын бір морфема құрайды". ("Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі"). Сөйтіп келіп ғалымдар көптік жалғаудың да 6 морфы (лар, лер, дар, дер, тар, тер) бар деп көрсетеді. Олар морфеманың ең кіші бөлшектері морфтар екенін орыстың жалпы тіл білімінде де бар теория екенін атап, мұны қазақ грамматикасына да "үйлесті" теориялық тұжырымдар дейді.

Әр морфеманың өзіне тән мағынасы және сыртқы дыбыстық формасы болады. Сонда сөз морфемалардан, морфема дыбыстардан құралады. Дегенмен бұл тұжырымға қайшы пікір де бар. Айталық Қалыбаева мен Оралбаева "морфема фонемалардан тұрады" деген дискриптивті структурализмнің дәстүрлі сипаттамасы болып еді, енді ол "морфемалар емес морфтар фонемалардан тұрады" деп өзгерді деген (8-9). "Ал морфема болса морфтар жүйесін қамтитын жалпылауыш атауға айналды" (9).

Кейде сөз бен морфема сәйкес келеді. Мысалы: Ерте ояндым, ойландым.

Сөз құрамындағы морфемалар мағынасы мен атқаратын қызметтеріне қарай әр түрлі. Мысалы, *егін, тілdesti* сөздеріндегі *ек, тіл* морфемалары лексикалық мағына білдіріп, сол лексикалық мағынаның жалпылануы нәтижесінде жалпы грамматикалық мағына білдіреді, басқа сөздердің жасалуына негіз болады және басқа морфемалар бұларға келіп жалғанады. Ал *-ін, -дес, -ті* морфемалары жеке тұрып еш мағына бере алмайды, тек алғашқы морфемаларға жалғанғанда ғана оған әртүрлі грамматикалық мағыналар үстейді және сол морфемаға сәйкес түрленіп, өзгеріп отырады. Мысалы, *ег+ін* -ын емес, *тілдес+ті* -ты емес. Міне осыған орай морфемалар екіге бөлінеді: **түбір морфема** және **қосымша морфема**.

Түбір морфема - құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі. ТМ - жаңа сөз жасаудың ұйытқысы. ТМ-сыз сөз жасалмайды. Мысалы: *мал-малшы-малшылық*.

ТМ дара түрде де (айт), қосымша морфеманы да жалғап та (айтыс) жұмсала береді. Сондай-ақ ТМ қайталанап та (мая-мая), қосарланып та (бала-шаға), бірігіп те (аққу), тіркесіп те (он бес) қолданылады.

ТМ сөйлеуде ешбір қосымшасыз қолданыла береді, белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады. Дегенмен бұл ереже барлық сөз топтарына тән емес. Ескерту: грамматикалық тұлғалары көп, әсіресе сөз байланыстырушы тұлғаларға бай сөз таптары көбіне түбір күйінде қолданылмайды немесе ерекше мәнде жұмсалады (С.Исаев). Олар - зат есім мен етістік. Ал түрлену парадигмалары жоқ немесе дамымаған сөз таптары түбір күйінде қолданыла береді. Мысалы, үстеу, сын есім, сан есім. Мысалы: *Ерте* туып, *кеш* қалған. *Жақсы* жастар көп.

Қосымша морфемалар - өз алдына жеке тұрып ешбір мағына бере алмайтын, тек ТМ-ға қосылып, оған әртүрлі қосымша мән үстейтін морфема. Қосымша морфемаларда мағыналық дербестік те, тұлғалық дербестік те болмайды. Ол тек ТМ-ға жалғанып жұмсалатындықтан, сол ТМ-ның ерекшелігіне сәйкес өзгеріп отырады. Сондықтан бір ҚМ-ның бірнеше дыбыстық нұсқалары болады: мен, бен, пен.

Морфемалардың өзіне тән ерекшеліктері бар:

- ТМ мен ҚМ-ның қосылуында жүйе, заңдылық бар. Мысалы, ТМ өзіне кез келген ҚМ-ны жалғай бермейді. Сол сияқты ҚМ да. Мысалы: -ған, -ген, -қан, -кен ҚМ-лары тек етістік түбіріне ғана жалғанады, тура объектіні білідретін -ды, -ді, -ты, -ті ҚМ тек зат есімдерге жалғанады (А.Ысқақовта 26).
- ТМ өзгермей, бастапқы формасын сақтап отырады. ҚМ ТМ-ға дыбыстық жағынан үйлесіп, өзгеріп отырады. Мысалы, даламыздан, әншілерге (А.Ысқақовта).
- Бір ТМ-ға бірнеше ҚМ жалғана береді. Бірақ ол ҚМ қалай болса солай емес, белгілі бір заңдылықпен жалғанады. Мысалы: мұғалім-дер-іміз-дің (орнын ауыстыра алмайсың). (А.Ысқақовта)
- ҚМ қай түбірге, қанша түбірге қосылса да, түрл-түрлі мағына емес, жалпы бір түрлі грамматикалық мағына үстейді. Мысалы: айтты, шықты, оқыды немесе үйлер, қалалар, көшелер (А.Ысқақовта).
- ТМ-ның мағынасы нақты, ол мағына түбірдің тікелей өз бойында болады, ҚМ-ның мағынасы тым жалпы, тек сөздің құрамында ғана анықталады. А. Ысқақов бұл белгіні түбір морфема мен қосымша морфеманың мағыналарындағы ең негізгі айырмашылық деп көрсетеді: “түбір морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі нақтылық (конкреттілік), әрі дербестік тән болса, екіншіден, сол мағына тікелей түбірдің өз бойында болады; қосымша морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі тым жалпылық (абстрактілік), әрі дербестігі жоқтық тән болса, екіншіден, сол жалпы (абстрактілік) мағына тек сөздің құрамында ғана тиянақты болып анықталады. Осыған сәйкес, түбір морфема тілдің өзіне тән мағынасы бар тұлғасы (единицасы) ретінде жеке-дара тұрып қызмет етсе, қосымша морфема тілдің мағыналы тұлға (единица) есебінде жеке-дара жұмсалмайды, тек сөздің құрамында ғана қолданылады” (А.Ысқақов, 27)

Жалпы бұл аталған белгілер екеуінде де бар (А.Ысқақов, 26-27) С.Исаев).

2. А.Байтұрсынов: “Сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) түбір сөз 2) туынды сөз 3) қос сөз 4) қосалқы сөз 5) қосымшалар” (486)

А.Байтұрсынов: “5) Қосымшалар дегеніміз сөз емес, сөзге жалғанатын буындар: бұларда өз алдына мағына да жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды да. Сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады. Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөздің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейді, екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар **тысқарғы жалғаулар** я

тікелей жалғау деп аталады; екінші қосымшалар **ішкергі жалғаулар** я **тікелей жұрнақ** деп аталады.”(48) “Жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөздерде ғана болады” (49, Сөз тұлғасы тарауы Павлодар 2008; Орынбор 1914 Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық).

Қосымшалар мағыналары мен қызметтеріне қарай А.Ысқақовта “сөзден сөз тудыратын және сөзден жаңа форма тудыратын қосымшалар **жұрнақтар** деп, сөз бен сөзді байланыстырытан қосымшалар **жалғаулар** деп аталады” (28). Қосымша **жалғау** және **жұрнақ** болып екіге бөлінді. Тюркологияда қосымша **аффикс** деп аталады.

ҚТГ (1967), сөз тудыратын қосымшалар, сөз түрлендіретін қосымшалар (сөзден жаңа форма тудыратын - А.Ы.), сөз жалғастыратын қосымшалар (сөз бен сөзді байланыстыратын - А.Ы.) деп бөлінеді.

Ы.Маманов қосымшаларды *сөзжасам қосымшалары* және *форма тудырушы қосымшалар* деп екіге бөледі. Ғалым қосымшаларды бұлайша екіге бөлуді былайша түсіндіреді”: “Қазақ тіліндегі қосымшалар жалғанған сөздер не тілдің сөздік құрамына енетін туынды түбір сөз (лексикалық бүтін) не белгілі бір сөз табына тән грамматикалық форма болып қалыптасады”. Мұны С.Исаев та қостайды. С.Исаев та қосымшаларды Мамановтың ізімен осылай екіге бөлген. Сөзжасам қосымшалары жаңа сөздер тудырады, яғни лексикалық мағынаны өзгертеді. Ал форма тудырушы қосымшалар өзі жалғанған сөздің лексикалық мағынасын өзгертпейді, тек қосымша грамматикалық мағыналар үстейді. Форма тудырушы қосымшаларда лексикалық сипат болмайды, тек таза грамматикалық, лексика-грамматикалық сипат болады. Форма тудырушы қосымшалардың сөз байланыстыру қызметін атқаратын түрін *жалғау* деп, сөз байланыстыру қызметін атқара алмайтын, категориялық грамматикалық мағына ғана тудыратын түрін *жұрнақ* дейді. Жұрнақтарды *модификациялық* (лексика-грамматикалық) және *грамматикалық* (категориялық) деп бөлген. Модификациялық жұрнақтарға зат есімнің реңк мәнді жұрнақтарын, реттік сан есімнің, сын есімнің шырай, етіс, күшейтпелі етістік, болымсыздық етістік жұрнақтарын жатқызса, грамматикалық жұрнақтарға есімше, көсемше, рай, шақ жұрнақтарын, көптік жалғауды жатқызады. Жалғауды үшке бөледі: *субстантивтік*, *субстантивтік-адвербиалдық*, *предикат*. Субстантивтік жалғауларға тәуелдік, грамматикалық септік жалғауларын жатқызады, субстантивтік-адвербиалдық жалғауларға көлемдік септік жалғауларын, предикатқа жіктік жалғау жатады. (С.Исаев). (схема келесі бетте).

Қалыбаева А. мен Оралбаева Н. морфемаларды үшке топтастырып қараған: лексика-грамматикалық морфемалар – дербестігі бар морфемалар, бұларға түбір морфемалар жатады; дербестігі жоқ морфемалар (дербестігі жоқ лексика-грамматикалық морфемалар деп тарауда сипаттайды?), оларға негіздер мен жұрнақтар жатады, бұл жердегі жұрнақтар дегені сөз тудыратындар деп нақтылайды; форма тудыратындар, яғни жұрнақшалар лексика-грамматикалық пен грамматикалық морфемалардың аралығында тұрады ().

Қосымшалар **құрамына қарай** екіге бөлінеді: *жалаң* және *құранды*. *Жалаң қосымшалар* - тұлғалық жағынан да, мағынасы жағынан да бөлінбейтін біртұтас, бір бүтін морфемалар. *Құранды қосымшалар* - екі не одан да көп қосымшадан құралып, мағынасы жағынан біртұтас, бірақ тұлғасы жағынан бөлінетін қосымшалар. -м, -ым, -ім- жалаң, шылық, -шілік, -ымды, -ынды, -інді - құранды. Бұрым, шаруашылық (егіншілік), бұранды, құранды.

Қосымшалардың мағыналары бірдей емес. Сөзжасам қосымшалары - жаңа лексикалық мағына, сөзтүрленім (форма тудырушы қосымшалар) - грамматикалық немесе лексика-грамматикалық мағыналар, функциялы қосымшалар - контексте лексика-грамматикалық мағыналар береді.

Сөзжасам қосымшалары да, сөзтүрленім қосымшалары да **моносемиялық қосымшалар** және **полисемиялық қосымшалар** болып бөлінеді. Моносемиялық қосымшалар - бір ғана мағына беретін қосымшалар. Полисемиялық қосымшалар - бірнеше мағына беретін қосымшалар. Мысалы: -ы, -і және кірме -и - моносемиялық қосымша: *қазақы, қалмақы, әскери, әдеби, діни, тарихи* т.б.; - лы, -лі, -ды, -ды; -ыл, -іл, -л; -ым, -ім, -

м; кірме қосымшалар -кеш, -қой, -қор, -паз, -хана, -стан т.б. жатады. Ал полисемиялық қосымшаларға -лық, -лік; -сыз, -сіз; -дай, -дей, -тай, -тей т.б. қосымшалар жатады. Мысалы: **-лық:** 1) өсімдік, орындық, 2) айлық, апталық, 3) бірлік, ондық. **-сыз:** 1) сусыз, мұңсыз, 2) үнсіз (тыңдау), сөзсіз; **-дай:** 1) таудай, үйдей, 2) өлердей, жылардай, 3) жастай, ала жаздай т.б. **-шы:** 1) 3-жақ тілек, жалыну: *баршы*. 4) мақсат мәні: *келмекші, бармақшы*.

Жұрнақтармен қатар сөз түрлендіруші қосымшалардан да көпмағыналылықты табуға болады. Бұған А.Н.Кононовтың аффикстердің көпмағыналығына қатысты ойын Қалыбаева А. мен Оралбаева Н. “” еңбегінде құптап, былайша түсіндіруін айта аламыз: дәптер-ім сөзінде -ім 1) бірінші жақта 2) жекешені білдіреді; барды-қ 1) көптік 2) бірінші жақтық.

Мағынасына қарай омоним, синоним және антоним қосымшалар болып бөлінеді. **Омоним қ.:** **-ық, -ік, -қ, -к:** 1) қазық, бұйрық 2) сұйық, ашық 3) молық, кешік 4) толық, қызық, жатық. **-ы, -і:** 1) өлі, толы 2) байы, жері. **-ші** - омоним қосымша: 1) мамандық атаулары: әнші 2) қимылды: *аунақшы*, 3) бұйрықтық мағына. Бұл сөзжасам қосымшалары өз ішінде омоним болып тұр.

Сөзжасам қосымшалары мен сөзтүрленім қосымшалары өзара омонимдес болады. **-қ, -к мен 1 жақ жіктік жалғауы, көпше түрі:** *қазық - бардық, келдік. -ы, -і мен тәуелдік жалғауы:* *қазақы - үйі, баласы.*

Сөзтүрленім қосымшалары өз ішінде омоним болады. **-ды, -ді** табыс септігі жалғауы мен көсемшеден кейінгі 3 жақ жіктік жалғауы және жедел өткен шақ қосымшасы.

**Синоним қосымша: тәуелдік жалғау** (үш жақта) мен **-нікі, -дікі, -тікі жұрнағы.** - шаң, -шең мен ғыш, -гіш, қыш, -кіш. -шыл, -шіл мен -қор: шайшыл-шайқор, талапқор-талапшыл, тершіл-тершең.

**Антоним қосымшалар:** -лы, -лі - -сыз, сіз: таулы-таусыз, сулы-сусыз.

Басқа тілден ену сипатына қарай **төл және кірме қосымшалар** болып бөлінеді. Кірме қосымшалар: парсы нисбеті: -и, оның қазақыланған нұсқасы -ы, -і, -кеш, -паз, -қор, -стан, -хана.

Қ.Жұбановта:

Жұбанов Қ Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.pdf (SECURED) - Adobe Acrobat Reader DC (32-bit)

File Edit View Sign Window Help

Home Tools Жұбанов Қ Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.pdf (SECURED) Denscombe201... Methods\_in\_Lin... Research Metho... The Routledge ... Projects in lingu... Research Metho...

Жұбанов Қ Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.pdf (SECURED) 150%


ле жашасе, так как сочетания, составляющие личные имена, крайне

звонкость звуков основы приобрели фонематическое различие, то я усматриваю в нем персидский *i* – нисбет, *i* персидского нисбета генетически то же, что и *i* прилагательного. Вполне естественно усвоение его казахами в форме их собственных редуцированных гласных *i/ы*. Мы знаем, кроме того, и слова с настоящим нисбетом, которые произносятся казахами на манер их собственных слов с беглым гласным *ы/i*. Имя классика чагатайской литературы XV в. Навои популярно у казахов. Даже существует одноименная музыкальная инструментальная пьеса у казахов Западного Казахстана, вероятно, привнесенная туркменами (пока еще не выяснено, имеет ли это какое-либо отношение к музыкальным произведениям Навои или нет). Имя Навои у казахов звучит Науайы, звук же *и* (*ii*) в конце этого имени, как известно, является персидским нисбетом **نواي** от персидской основы *науа* **نوا** ... – благозвучие. Нисбет, несомненно, присутствует и в казахском слове *құдайы (садақа)* – милостыня, от персидского *худож* – божье. Если казахский суффикс *-i/ы* восходит к персидскому нисбету, то последний мог быть перенесен на казахскую почву не кем иным, как среднеазиатскими элементами того этнического образования, которое впоследствии стало казахским народом.

416

8,50 x 11,00 in


Рабочий стол Адрес 12:07 16.11.2021




Қ.Жұбанов еңбегінен

Сөз тудыруы жағынан **өнімді** және **өнімсіз** қосымшалар болып, сөз тудыру қабілеттерінің бар не жоқтығына қарай **тірі** және **өлі** (қырат, киіт) қосымшалар болып бөлінеді.

Қосымшалар функциясы тұрғысынан бірдей емес. Осыған орай



Қалыбаева А., Оралбаева Н. 1986



Сызба. С.Исаевтың классификациясы бойынша

#### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- Алматы, 1996.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралы / К. Аханов. - Алматы: Өлке, 2010. - 240 б.
3. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1954.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. –Алматы,1967
5. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. –Алматы,1975.
6. Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 1992
7. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
8. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, 2007.
9. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007.
10. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі [Мәтін] / Қалыбаева, Аққал, Оралбаева, Нұржамал; жауапты ред. М. Б. Балақаев - Алматы : Ғылым, 1986 . - 191 б.
11. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998
12. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері// Вопросы казахского языкознания.- Алматы, 2011